

МЫРЗАЛЫ ХАН

(Поэма)

Мырзалы (Мырзағали) Тілеумағанбетұлы Тынымбайтегі (1894 – 1931) – ел аузында «МЫРЗАЛЫ ХАН» атанған, Маңғыстаудағы Кеңес империясының адуын айласына қарсы шыққан (1931 ж.) халықтық көтерілістің көрнекті қолбасшысы, тарихи тұлға, ұлт қаһарманы. Қызыл үкіметтің (ұзын арқан, кең тұсау...) «Ұлттар теңдігі және таптық тағылым» атты қой терісін жамылған ұлтсыздандыру саясатының ішкі мазмұнын ерте түсінген, жүрек көзімен сезінген, далалықтарға тән жауынгерлік рухтың, тамырлы тарихтың, еркіндіктің жаршысы.

АВТОР

«Барлық көтеріліс қозғалысының басшылығын, ел алдында беделді, халық қолдайтын Мырзағали Тынымбайұлы өз билігіне алды»

«ОЙРАНДАЛҒАН АДАЙ ДАЛАСЫ»
кітабы, 111-бет.
(Авт.: Ізтұрған Сариев, Мұқаш Омаров.
«Атамұра баспасы», Алматы, 1995 ж.)

КІРІСПЕ

Ақ торғын, аптап сағым, шымылдығың,
Қаншама жарық таңнан жылынды мұң.
Аллаға шексіз мадақ, Жаратушым,
Біледі сенің шексіз сырыңды кім?!..

Сол ғұмыр, бейбіт аспан, балалығым,
Жарық таң – жанға медет, жаңалығым.
Тін тартып өткенінен сөйлесейік,
Қазақтың сақта, Құдай, адал ұлын.

Сәулелі, сәншіл сұлу таңдай ғашық,
Келеді өлең өрлеп, самғай басып.
Өз жерім, өлең-төсек – туған елім,
Бір сені сүйіп өту – қандай бақыт!

СӨЗ БАСЫ

Бүгулі бір саусағы сыңар ғалам,
Таусылып талай тақтақ жыр арнаған.
Түбі бір адам деген, уыздан нәр,
Қаны бір адал жүрсе, бір Алладан.

Кеудеңе иман-талап, таратқан мән,
Жол сұра жөнін біліп баратқаннан.
Біреудің біреу төрін баспай жүрсе,
Әркімнің өз тағдыры – Жаратқаннан.

Ата жұрт, алты алаш несібемнен,
Тарадық Хақтан бұйрық, есіл ерден.
Халық ек әдепке бай, қағидалы,
Кетпеген жетім қолдан, жесір елден.

Біз де бір адамзаттың баласымыз.
Жоқ Сізбен жолай жүріп таласымыз.
Түбекпіз, Маңғыстауымыз – қалың қазақ,
Алтай мен Атыраудың арасымыз.

Сенбесең – шалдар жатқан қорымға бар,
Немесе пірлі мешіт орынға бар.
Бәрі де: – «Ашу араз, ақыл дос» деп,
Жақсының сөзін тыңдап, жолын бағар.

Туыспыз пейілден сүт тамшылаған,
Сөзіне шекер қатып, бал шылаған.
Мына жау қайдан келді құрттай қоздап,
Қылышын қызыл қанға малшылаған.

Өрт екен өршеленіп лапылдаған,
Жан қалмас жар түбінде атылмаған.
Қызыл көз құтырған ит қайдан шықты,
Жөн көріп өз айтқанын тақылдаған.

Кер жылан кездескенді құлатып жүр,
Көз жасын көрінгеннің бұлатып жүр.
Ісі жоқ Құдаймен де, былаймен де,
Опырып оң мен солын сұлатып жүр.

Жайындай жағадағы бұлқынып жүр,
Көп пісіп өз буына, құлпырып жүр.
«Босат, – деп, – босаға мен төрді, Қазақ»,
Қуалап қыз-қырқынды ұмтылып жүр.

Сатқыннан «сарбаз» жинап шат қылып жүр,
Арасын ағайынның жат қылып жүр.
Көргенсіз көр ішінен Құран іздеп,
Мешіттің Айын жұлып лақтырып жүр.

Жоғалтты жекжат-туыс, қарындасын,
Ел білді енді сордың арылмасын.

Ер көрсе «Елім!..» деген қоймай қуып,
Бір-бірлеп қолмен сөкті қабырғасын.

Тың-тыңдап, тексіз неме, саққұлақ жүр,
Қылышын қара қайрап, ақ құлап жүр.
Кей надан, пайдакүнем, жемқор-жүлік,
Бірігіп жаумен бірге шапқылап жүр.

Кербез күн, келелі нар алыстады,
Не жақсы қара жанын табыстады.
Қызыл қан қырдың төсі – қызыл шақа,
Адасып ақылынан маңыстады.

Қырқа жал, қызыл тулы белес келді,
Көрсетпек бай мен жарлы теңескенді.
Айтары: Ленин¹ менен сол бәлшебек²,
Ұйытқып ұры-қары Кеңес³ келді.

¹ Ленин – Владимир Ильич Ленин (1870 – 1924 жж.) Ресейдегі 1917 жылғы Қазан төңкерісінің бас ұйымдастырушысы, жетекшісі. Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы, бәлшебектердің көсемі.

² Бәлшебек – Большевиктер.Большевизм – Ресейдің социал-демократиялық жұмысшы партиясыныңII съезінде (1903) партияның екі фракцияға бөлінуі нәтижесінде пайда болған ұғым.

³ Кеңес – Кеңес үкіметі, немесе Кеңес билігі – Қазан төңкерісінен кейін орнатылған билік жүйесінің атауы.Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы.

БІРІНШІ БӨЛІМ

НӘРЕСТЕНІҢ ҮНІ

«Ей, адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар», – делінген (Ниса, 1).

Отырған Адай, Беріш¹, басқасы бар,
Әуелден құда-жекжат Жаппасы бар.
Көшкен ел, ауған жұрттың есебі жоқ,
Аралас сегіз арыс, тақтасы бар.

Жалғыз үй сай-саланы аралаған,
Аң аулап, күнін көрген, қара қазан.
Жан баққан жадау тірлік, жазығы жоқ,
Бай емес, ақ патшаны паралаған.

Есікті бір-ақ теуіп шетке қарай,
Бес әскер кіріп келді кешке қарай.
Тілмашқа белгі беріп, жебір-жендет,
Тақады тапаншасын бетке қарай.

¹ Адай, Беріш, Жаппас – Кіші жүз қазақтарындағы ру аттары.

Иесін үйдің ұрып тепкіледі: –
«Айт!.. – деді, – ауыл қайда кетті?» – деді.
Кісендеп, қол-аяғын таңып тастап: –
«Бандысың, басқа сөз жоқ, жетті», – деді.

Жағадан жан бергенше тартып ұрып: –
«Жансызсың, – деп қояды, – арты бүлік».
Көзінше нәресте мен қатынының.
Ақыры өліп тынды аңшы жігіт.

Қан құсып қатыны да талып түсті,
Оны да ажал сосын алып түсті.
Лақтырды бесігімен нәрестені,
Шаңырағы бір Отаудың жанып түсті.

«Біздерсіз жасамаңдар бір істі», – деп,
Бәлшебек барлық іске кірісті кеп.
«Үкімет – біздерміз!..» – деп,
«Қызыл – Кеңес»,
Толып жүр ой мен қырды тіміскілеп.

Ел ауып топ-тобымен, тозып жатыр,
Салтанат, сән мен дәурен озып жатыр.
Аш құрсақ анасы жоқ сәби біткен,
Нәресте қолын кімге созып жатыр?!..

Қызыл ту, бәлшебегің самсап қырдан,
Кім мынау құтылады, ант атқырдан.

Айналып бір қарлығаш нәрестені,
Басқаның бәрі тілсіз, жан тапсырған.

Ақ¹ келген анау жылы «аппақпыз», – деп, –
Төріңде түкірініп жатпақпыз», – деп.
Содан соң Қызыл келген қырдан құлап: –
«Сіздерді енді біздер бақпақпыз», – деп.

Өкшелеп өзегіңнен тепкеннен соң,
Тұз құйып тұқымыңа жеткеннен соң,
Дұшпан бір: «Ақ пен Қызыл» – бәрі жалған,
Басыңнан еркіндігің кеткеннен соң.

Қарайтын дәрмені жоқ қайырылып,
Боз мая боз ботадан айырылып.
Жан беріп жапан түзде үлгермеген,
Қара нар ыңырсиды майырылып.

Сүйегің суса болып басылды ма?!
Күлген боп, жау пиғылын жасырды ма?!
Қайтейін, қамсыз жүрген жұртым менің,
Айласын аңдыған жау асырды ма?!

¹ Ақ – ақ гвардиашылар. Ресейдегі буржуазиялық демократияны жақтаушылар. Қызыл үкіметтің ұстанымдарына қарсы топтар.

Ақ көңіл алшаңдаған ұлың қайда?
Жұлынып жолда қалды тұлым майда.
Күміс қас, сыңғырлаған жез қоңырау,
Ару қыз, сұлу бикеш бұрым қайда?!

Мен саған бекерден мін тағайын ба?!
Туысты сенен артық табайын ба?!
Таласқан әйкел-құдық, тамшы суға,
Зар қылды зауал келіп ағайынға.

Мінеки, бірің сайда, бірің қырда,
Тік тұрып, қарағайдай жығылдың ба?
Жау келді бес қаруын сайлап алған,
Шырылдап бозторғайдай шығындың ба?!

Төгіліп қауырсының қанатыңнан,
Баз кешіп кеудеңізден баратыр жан.
Құдайдың сен де құлы, кімнен кемсің,
Белінен бір атаның жаратылған.

Мысалы, отқа піскен сары уыз боп,
Жаныңа жанталастың дәру іздеп.
Кенжелеп кер заманда, жолда тұрсың,
Жалаң қол, жамау шекпен қару іздеп.

Өтті ме кіжінумен кемді күнің,
Кеш қалдың, көп сыбанып жеңді бұрын.

Ұрпаққа осы сабақ ой салар ма,
Обалын кім көтерер ендігінің?!

Көрсетпей көзін сықты аңызақ құм,
Күн қашты, күлін шашып, қаңырап түн.
Астынан дауыс шықты дәл осылай,
Өртенген кереге мен шаңырақтың.

Сен тұрсың екі көзің жасқа тұнып,
Түскен соң қолға кісен, басқа құрық.
Қара жау қала салып, қару жасап,
Ойнап жүр төбеңізден таспа тіліп.

Ел зая, жас – босып жүр, кәрі – дендеп,
Жыланның өзі емес, зәрі жеңбек:
Империя – өзімшіл, төзімсіздік,
Ағы не?!.. Қызылы не?!.., бәрі жендет.

Жау сені аямайды жасығаннан,
Құдай деп іс қылады басы бар жан.
Өлмесін ұлт жүрегі, жұрт тілегі,
Сөз басы – сөнбес үміт, асыл арман.

СҰР ДАЛА, СУЫТ ЖҮРІС

Өткен күн..., қыз-қыз сұрлеу сайран жатыр,
Келер күн..., кескілескен майдан жатыр.
Келеді суыт жүріп, ойға батып,
Оңаша Ер Мырзалы¹, қайран батыр.

Ел мұны: «Мырзалы Хан!..Ханым!.. – дейді, –
Мысалы, мірдің оғы, жалын», – дейді.
Қамығып халқын ойлап Ер Мырзалы: –
«Құрбандық ел жолында жаным!» – дейді.

Мінеки, Мырзалы хан, Мырзалымыз!
Жалғанар үзілген мен сынғанымыз.
Сөйлесе – бидің өзі, ердің сойы,
Секілді сеңгір тау мен шыңдағы құз.

Мырзамыз, Мырзалыны жау біледі,
Еңсесін таптатпаған тау біледі.
Қашанда ердің құнын, елдің бәсін,
Жарыған уызында сау біледі.

Шөлдеген жаңбырдан соң қақ біледі,
Хан әділ болса – оны тақ біледі.

¹ Ер Мырзалы – Мырзағали Тілеумағанбетұлы Тынымбайтегі (Мырзалы хан).

Үш жүз алпыс әулием неге жатыр.,
Жаратқан бір Алла мен Хақ біледі.

Жаз өтсе, келер ертең сырғалы күз,
Ашылар біздің де сол бір бағымыз.
Хақ сүйген, халық сүйген, елі ерген,
Есен-сау аман болсын, Мырзалымыз!

Қайнардай қара суы мөлтілдеген,
Жыл салып жас келіндей төркіндеген.
Сәби – сән, жас – жапырақ, кәрі – кемел,
Маңғыстау өлтірерсің, көркіңменен.

Құбылаң – Құдай берген Меккең еді,
Сан сырбаз, абыз-ишан кеткен еді.
Көлбеген көк пен жерде сегіз арыс,
Қара нар қайыспайтын тектен еді.

Езіліп елдің туын жыққан емес,
Көміліп көздің жасын сыққан емес.
Қазақтың айыл-төс пен қабырғасы,
Бұл Түбек жауды көріп ыққан емес.

Мұз құрсап қабағымен жанарына,
Қамалған қалың ойдың аранына.
Дұшпанға сөз өтпейді, басқа жол жоқ,
Ел кезіп – шоқ басып жүр табанына.

Жүрекке ине тығып, тебендеген,
Кез болды, кезіккенге елеңдеген.
Мырзалы жолдасына: – «Тоқта!» – деді,
Басында бір құдықтың шегендеген.

Серігі тоқтай қалды қасындағы,
Ентігі мінген аттың басылмады.
Ер сенді, сарбазынан сыр бүкпеді,
Қашаннан қанды көйлек асылдары:

«Қос жігіт жау ішінен келмек, – деді, –
Хабарын дос-дұшпанның бермек», – деді.
Серігі семсеріне қарап қойып: –
«Болдық-ау басқыншыға ермек», – деді.

Бұлттасып жанарында қап-қара мұң,
Жас батыр кенеп қойды ақ тамағын.
Мырзалы: «Алламыз бар, ақ жол болсын, –
Азырақ дем ал, – деді, – жат, қарағым!».

Серігі шалғай барып тыныстады,
Белгілі ұлы шайқас, бір іс бары.
Қылышын қыннан алып, қайта салып,
Денесі жас батырдың құрыстады.

ХАБАРШЫНЫ КҮТКЕН ЕР

Уайым ғып жолаушының жоқтығынан,
Мырзалы – жасын-жанар, отты қыран,
Қалықтап хабаршыны күтіп-ақ тұр,
Апай төс, алшаң қырдың шоқтығынан.

Көп тыңдап, аз сөйлеген ауыр үнді,
Ер қамсау, елге пана сауырым-ды.
Кең маңдай, қыран қабак, қошқар тұмсық,
Мырзалы қаратаудай жауырынды.

Бурадай буырқанар жарағанда,
Ашуы алты қырға тарағанда.
Қайраты – Қаптың суы¹ тасығандай,
Айбаты арыстандай – қарағанда.

Ел-жұрттың есін алды мына қайғы,
Есіл ер енді бұған шыдамайды.
Мысалы, қара қанжар, қайқы қылыш,
Әр сөзі – ұста қаққан сынадай-ды.

Шер-шемен, шекелігін тер басып тұр,
Теңселіп қара жерді ер басып тұр.
Сығалап төрт құбыла түгел жаурап,
Әнеки, аспан құлап, жер жасып тұр.

¹ Қаптың суы – Каспий теңізі.

Кім білген қанша халық зар шегерін,
Астында мың бір Шейіт әр төбенің.
Жалғыз жол – жағаласып өлу ғана,
Басқа жол тастамады, бәлшебегің.

Көп халық көтермелеп: «Ханым!..» – дейді,
«Қол бастап, жүк көтерген, Нарым», – дейді.
Мырзалы: «Хандық емес – іздегенім, –
Намыс пен жатқызбайды, арым», – дейді.

Ен Адай, қалың Қазақ – жиған мұраң,
Осылай қыл үстінде қиналды жан.
Ерлік деген шықпайды надандардан,
Шығады ақыл мен ар – имандыдан.

Жау салды жатқан елге жай-құрығын,
Көмілген көп тарихтың айдынымын.
Маңғыстау күреңітті, жүдеп ішті,
Таңдайдан сорғалаған қайғы-мұңын.

Жүрегі есіл ердің ауырған-ды,
Еркіндік елден кетті, дәуір қалды.
Кеудесі Мырзаланың адам десе,
Ерекше мейірім мен бауырмал-ды.

Самсаған сары жұлдыз арманын-ай,
Кім білген, неден жазым, алда-Құдай.

Көз жасы көп босқынның жол үстінде,
Құйылған қорғасындай салмағын-ай.

Бәлшебек топан судай арындапты,
Түрмеге тектілердің бәрін жапты.
Сарыарқа¹ – басып жатыр Шағанды жау,
Жетісу, Сауран, Тараз, Нарын жақты.

Бәрінен бек хабардар бұл Мырзалы,
Сорлады Түрікпен, Өзбек, Қырғыз дағы.
Ордасын олардың да отқа орап,
Түбі бір Түркі жұртын шынжырлады.

Айбаты асып-ақ тұр амалдының,
Қол созар енді, Қазақ, саған кімің?!
Бес мезгіл намаз оқып, іңір салып,
Ел-жұрттың тілеп-ақ жүр амандығын.

Дүние астан-кестен жарты ғалам,
Ел бар ма, мынау жалын шарпымаған.
Білмеске ел сене ме оң мен солын,
Мырзалы – жалғыз жұлдыз жарқыраған.

¹ Сарыарқа, Шаған, Жетісу, Сауран, Тараз, Нарын – қазақ даласындағы аймақтар. Тарихи қала, жер, өзен, көл атаулары.

Мың сарбаз ер қолтығын саялады,
Қанатын бір ақиқат жаяр әлі.
Жем іздеп, жауға жаққан сатқындарды,
Ол рас, бұл Мырзалы аямады.

Жан едің: жаның – шуақ, жүрегің – Күн,
Байланған күрмеуін-ай шідеріңнің.
Қуатын Құдай берсін, Пірлер қолдап,
Қайырын қағидалы тілегіңнің.

Дарымас мұндай ерге бата қалай.
(Иілді дәл солай деп жатаған Ай). Ел
жайлы сөз айтсаңыз елжіреді,
Зәмзәмнің¹ суын ішкен Сахабадай.

Ақ шағыл, аппақ құмдар, аңыз жылдар,
Кеудеме менің қанша тамыздың нәр.
Тізілген күміс қанат бұлт секілді,
Ақ ұлпа шекпен киген абыз құмдар.

¹ Зәмзәм – Меккедегі қасиетті зәмзәм суы.

ҚАУЫШУ

Көп күтіп күн еңкейіп, салқындаған,
Алқымы батар күннің жалқындаған.
Көрінді көп ұзамай қос аттылы,
Ағалап анадайдан аңқылдаған.

Қос жігіт неде болса «Елім!» депті,
Бір шауып, бірде баяу желіп жетті.
Асығыс аттан түсіп дөңгелеген,
Хабаршы Мырзалыға келіп жетті.

Табысып тілеулес жан Түбектегі,
Қауышты, құшақтасып жүректері.
Келіп тұр жау ішінен қос хабаршы,
Білгенін Мырзалыға жыр еткелі.

Көп тұрмай оңашалап тілдесіп жүр,
Көп дұшпан, енді, әрине, із кесіп жүр.
Бағынан көрер дағы есіл ерлер,
Бұл күнде бақ-дәулетті кім кешіп жүр?!..

Қос жігіт, қос хабаршы жарап-ақ жүр,
«Дос» болып – дұшпан ішін аралап жүр.
Ер басы халық үшін қайда қалмас,
Ұлт үшін ұл тудым деп аналар жүр.

Әр жайдың бәрін айтып, санап шықты,
Күреспей кім береді азаттықты.
Мырзалы жауар бұлттай түйіліп тұр,
Бас изеп қос хабаршы.., талап мықты.

Көп хабар.., ер сенімін ұл ақтады,
Ойында Мырзалының тұр ақпары.
Содан соң төс қағысып, қос хабаршы,
Кезек кеп: «Ағажан!» – деп, құшақтады.

«Қоош!..» деді Ер Мырзалы бұл да күліп,
Назарын шыңырау мен шыңға бұрып.
Арқалап көп тапсырма, аманатты,
Жөнелді қос аттылы құмға сіңіп.

Боз дала, боталарын тербетіп тұр,
Тербеткен талай ерді жер бесік,- бұл.
Мысалы, ата қаз бен аналықтың,
Байпаған балапаны ер жетіп тұр.

Барады қос балапан қоңыр белде,
Айшықтап бағын басқа, сорын белге.
Шаба түс, неде болса, төр сенікі,
Жауыңа жарты қарыс орын берме.

СЕЙСЕМ АТА ҚОРЫМЫ

«...Ақылға салып ойласақ,
Сол жақсының бірі жоқ –
Бақиға көшіп таусылған...»

Аралбай Оңғарбекұлы

Ақ шағыл кешіп өтіп кебірінен,
Көп сүйіп сылқым самал ерінінен.
Сейсемнің қорымына келіп жетті,
Түн салып Мырзалы хан серігімен.

Жетпей жүр, достың қолы, жаттың күші,
Бір болса, дәл осында бақтың құсы.
Әулие, ақ шейітке жолың түссе,
Бұл да бір – Хақтың ісі, сәттің тұсы.

Кең Құдай, бір Алланың құлдарымыз,
Үш Арыс – бір қазақтың ұлдарымыз.
Ақ бата, дұға-тілек балдан тәтті,
Балқыған барлық тау мен шыңдағы құз.

Түн жатыр тау басына үзік жауып,
Мысалы, қыналы тас, қызыл мауыт.
Қара түн – қара сүлік бас көтерді,
Қара жел – қара қоңыз ызылдауық.

Көп көрдік құрған ау мен қармақты біз,
Көп шайнап, қан түкірдік, бармақты біз.
Қарайған сонау тұста қорым жатыр,
Көсілген небір батыр, ардақтымыз.

Ай анау – ақ қылышым жарқылдаған,
Кең Түбек, одан ешкім артылмаған.
Би-шешен, біліп айтқан көсем жатыр,
Бай жатыр, сақи-мырза сарқылмаған.

Жан сөзің Жаратқанға жеткендей ме,
Бір тылсым білінеді неткен кейде.
Ғарышқа қақпа салып осы тұстан:
«Сейсемге кілтін беріп кеткен», – дей ме?!..

Сыбдыры періштенің – самал шығар,
Ақ ниет ердің жолы адал шығар.
Әйтеуір, Хақтан назар бар осында,
Қорғаған қалың елді қамал шығар.

Қосылып мың періште қанаттасып,
Жүргендей әр қадамын санап басып.
Осының бәрі медет Мырзалыға,
Түседі шөпке қылау, таң атса шық.

Шықтанып ердің көзі, көңілі дүр,
Бұл күйге түспеп еді өмірі бір.

Не дейді мына жүрек, қалған сүрлеу,
Мысалы, түлкілі сай, бөрілі қыр.

Даланың бәрі таныс, керегелі,
Көз ілмей түннің түбін шегеледі.
Боздаған боталы бұлт терістіктен,
Сәлден соң сәніменен себеледі.

Аспаннан нұр құйып тұр күміс қасық,
Кетпесе болғаны да ырыс қашып.
Аманат – жанды берсек бір Аллаға,
Ақ сөйлеп, адал жүріп, дұрыс басып.

Ол Шалдар: «Бұйырғанын алдық», – депті,
«Жасымай жауға ойран салдық», – депті.
Осыны Ер Мырзалы үнсіз тыңдап,
Қорымның қолтығында қалғып кетті.

Түс көрді, түнмен келген зайыр дағы,
Әулие-Пірден болған қайыр дағы.
Асынған бес қаруын өңкей ерлер,
Түс Үлек, Қара Нар мен айырлары.

Сейсемде ақ шейіттер нұрдан болған,
Самсаған сардар болып ырғалды орман.
Айтарсың қайсы бірін – Алдаспанның,
Дұшпаны баудай түсіп қырман болған.

Ер Лабақ, Ер Шотан мен Қонайлар¹ тұр,
Саназар, Сейіт би² мен талайлар тұр.
Қыр асып, Қыдыр келіп бата беріп,
Қол жайып, қалың Алшын, Адайлар тұр.

Би өзі, батыр өзі, бата өзі,
Сам³ бойлап, Бейнеу⁴ жақта жатар өзі.
Әулие – ұшқан құстан жылдам тегі,
Ол да тұр, іздеп келіп Атағозы⁵.

Мырзалы қанат керіп самғап жатты,
Шіркін-ай, түс болса да – балдан тәтті.
Шамасы Сейсем Ата⁶ – Қыдыр болып,
Батасын баласына арнап жатты.

¹ Ер Лабақ, Ер Шотан мен Қонайлар – Маңғыстаудан шыққан қазақтың халық батырлары. Лабақ – Лабақ Жиенқұлұлы, Ер Шотан – Шотан Назарұлы. Ер Қонай – Қонай Кенжеұлы. Қыдыр – діни сенімдегі Қыдыр ата бейнесі.

² Саназар – *Ескелді Саназар* Құдайназарұлы, Сейіт би – Есенұлы Сейіт би

³ Сам – Маңғыстаудағы жер атауы.

⁴ Бейнеу – Маңғыстаудағы жер атауы.

⁵ Атағозы – Атағозы Айтқұлұлы. Маңғыстау өңірінен шыққан халық батыры, тарихи тұлға.

⁶ Сейсем Ата – Сейсем ата қорымы. Маңғыстаудағы тарихи тұлғалардың мәңгілік қоныстанған бақилық мекені, қасиетті орын. Қорымның тарихы терең, Әулиелік аңыздардың алаңы.

Себездеп таңның нұры құйылған шақ,
Сәулесін қыр асырып қиырдан сап.
«Жақсы түс – жарым ырыс» дейді, халқым,
Алладан ақ шейіттік бұйырған сәт.

Оянды серігі де, Мырзалы да,
Сенеді көрген түсте сыр барына.
Алаңсыз отыр еді екі батыр,
Дұшпанның қарсы шыққан шырғалына.

Үрікті тұсаулы ат, ыршыды да,
Әншейін, түлкі, қарсақ қырсығы ма?!
Кенеттен қасқыр ұлып жақын тұстан,
Қол созды ер серігі мылтығына.

Ұлып тұр, бар қайғысы, шері, міне:
«Келіп кет, – деп тұрғандай, – бері, міне?!»
Бас, – деді, – ашуыңды, аптығыңды, –
Мырзалы ызаланып серігіне: –

«Батырым, мылтығыңды таста», – деді, –
Бұл енді, өз қасқырың, атпа», – деді.
Көрейік, қандай тағдыр әкеліп тұр,
Оғыңды қызыл итке сақта», – деді.

ҚАҚПАНДЫ ҚАСҚЫР

Қос жылқы, шошынып тұр, үркініп тұр,
Бұл өзі қат-қабат сыр, бір түлік қыр.
Қарысқан аяғында ауыр қақпан,
Бір қасқыр қарсы қарап іркіліп тұр.

Мұның да періштесі алып жеткен,
Жан-үміт, бар қуатын салып жеткен.
Қақпанын сүйретіп жүр, қан-қан қылып,
Шамасы, мынау тұсқа талып жеткен.

Бойына бұл бодандық ар болып тұр,
Дүние дөңгеленген тар болып тұр.
Даланың ханшайымы – бір аналық,
Аяғын бір басуға зар болып тұр.

Жасырмай иманды құл, достан мұңын,
Бар дейді қол созатын қостан кімің?!
Жағалап қорым-қойтас, Әулиені,
Тілеп тұр бір Алладан бостандығын.

Батпай жүр кімге тісің, қара қақпан,
Бұл да бір соның кейпі дара жатқан.
Түркіге¹ бөрілі ту, байрақ болған,
Төнген бе қасқырға да қара бақ таң..?

¹ «Түркіге бөрілі ту, байрақ болған»: Көк Бөрі – түркі мифологисындағы киелі ұғымдардың бірі.

Үш мұңдық осылай тұр жапандағы,
Даланың қанды қақпан – Қаһарманы.
Қан ағып емшегінен қарайлайды,
Аңсап тұр, бөлтірігін апандағы.

Білмедік бұл зауалдың құрбаны кім?!
(Менің де айтпақ сөзім, жырда – мұңым.)
Торыққан ұрпақ үшін көкжалдарым,
Тоғысқан жерің болды бұл да бүгін.

Өткен күн, оны қалай жеткіземін,
Демейін дертті болған тек біз, елім.
Басынан әр жусанның жоқтау айтып,
Келмеске сенің қанша кетті кезің.

Дәуір боп бір аналық қақпанда тұр,
Бұл өзі тұрғанға – сыр, жатқанға – зіл.
Әнеки, соның бәрін көзбен көрген,
Қара жер, ару күн мен аспанда жүр.

Хау Ана, Адам Ата, Абыл, Қабыл¹,
Бұл дұшпан содан бері жаныңда жүр.

¹Хау Ана, Адам Ата, Абыл, Қабыл – Адам ата (Аләйһис-сәләм) – Адамзаттың атасы. Алла тағала Адам атаның сол жақ қабырғасынан Хау анамызды жаратқан дейді. Діни аңыздарда Әбілді (Абыл) – Қабыл өлтіреді (Адам ата мен Хау ананың ұлдары).

Адамға жер жетсе де, пейіл жетпей,
Шайтанға есік ашып қабылдап жүр.

Түңілді түлкі-қарсақ, жат жанынан,
Құтылды құртқа¹ қасқыр қақпанынан.
Барады құстай ұшып – құртқа қасқыр,
Басында Әулиенің бақ дарыған.

Жатыр сол қанды қақпан қаралықтан,
Төбеге көтерілді шам алып таң.
Мырзалы бөлтірікке сәлем айтты,
Құйындап, қунай шапқан аналықтан.

«Ұрпаққа сәлем!» деді, кім біліпті?!
Ел – бесік, ұлт пенен ұл, бір ғұрып-ты.
Кім білген, тұрған шығар, Мырзалы хан: –
«Дәстүр – салт, қорғасам, – деп, –
құндылықты».

«Ел – бағбан, біз – жайқалған қырманьмыз,
Қазақпыз!.. Кеуде бөлек, бір жанымыз», –
Деп солай, сәл іркіліп, жөткірініп,
Тағы да сөйлеп кетті, – Мырзалымыз:

¹ Құртқа – қасқырдың қаншығы.

– «Әркім жүр, жағаласып, жарысумен,
Егесіп, тістелесіп, қарысумен.
Қызыл жау – қызыл түлкі, түбі сұмдық,
Санаңды қайнатып жүр сары сумен.

Мал кетті, ел жұтады, өрісте кім?!
Бұл заман – көзге шыққан теріскенің.
Не теңдік, қайдағы бақ, қашан көрдің,
Жау келіп жақсылықты бөліскенін?...

Бұл тірлік өң менен түс, шарайна – жан,
Құрғанбыз біз де бір кез, Сарай-Қаған!
Дұшпаннан «қамқорсыған» – қасқыр артық,
Қақпанын сүйреп жүріп, қарайлаған.

Өз туын бізге әкеліп «пұл» қылғаны –
Дұшпанның сендік туды тұл қылғаны.
Өзгенің өз күлшесі – дербестігі,
Бергені саған енді – құл қылғаны... »

Емендей, елді айтса, шайқалады,
Ал, теріс, Ердің сонда қай талабы?!
«Астында қызыл тудың – қызыл түлкі», –
Деп қойды..., тағы да бір қайталады:

– «Білмейді обал-сауап кідірісті,
Шайтанның ісі жаман, тілі күшті.

Адамға¹ періштелер сәжде қылған,
Мына жау – Құдайы жоқ, Ібіліс-ті².

Қуырып келді, әне, тамам жатты,
Өртеніп бұл жүрген жер, қараң қапты.
Қасқасы мың қайнаған Қазақ түгіл,
Қызыл жау қырмақ әлі адамзатты.

Бір жаман – мың жақсыны заялайды,
Сор батпақ, шалшық судай шаялайды.
Без бүйрек, берекетсіз, иман ада,
Бұл әлі бірін-бірі аямайды.

Тозақта бірін-бірі шалсын, – деді,
Қанына өз бастарын малсын, – деді,
Құдайсыз ел тонаған «Қызыл Кеңес»,
Жазасын Жаратқаннан алсын, – деді,

¹ «Адамға періштелер сәжде қылған» – Алланың бұйрығымен періштелер Адамға сәжде қылған делінеді.

² Ібіліс – Ібіліс, азғырушы, адамзатты иман мен әдеп, ар мен ұят және Алланың ақ жолынан тайдырушы. Ібіліс, Алланың бұйрығына қарсы шығып, Адамға сәжде жасамайды, жұмақтан қуылады. Құдайсыз Ібіліс содан бері жер бетінде адамзатты аздырумен келеді, – дейді, діни танымдар желісінде.

Бір сенім, ар мен ұят керек, – деді,
Тамырдан нәр алады терек, – деді, –
Әулие үш жүз алпыс мына жатқан,
Алланың ақ нұрына себеп, – деді,

Жан Ием, жан беруші кең неткен, – деп,
Ғаламға он сегіз мың тең жеткен, – деп,
Қызыл ит, жаттың елін жайпағанша,
Бақ іздеп, өз жеріңнен еңбектен, – деп, –

Дүние әлмисақтан от болғалы,
Бұл күрес бір күн, сірә, тоқталмады... »
Құшақтап: «Аман жүр» деп, жан серігін,
Осылай Мырзалы хан көп толғады.

Сазындай сағыныштың самал лебі:
– «Алынбас болмайды ғой қамал» – деді, –
Басың жас, аман жүрсең алаш үшін,
Білім қу, жарық іздеп, шам ал», – деді.

Мырзалы өз көңілін бұра жүрді,
Әрнеден серігі жүр, сұрап үлгі.
Сейсемде ерлер жатқан қалашықты,
Аралап бас-басына дұға қылды.

Ақ мамық ақша бұлтқа Ай да сіңбек,
Көңілін қос жолаушы жайласын кеп.

Ақ самал, қоңыр кеште атқа мінді: –
«Пір Бекет¹, Оғыланды² қайдасың?!» – деп.

Туған жер – торғын сынды үлпілдеген,
Тоғысқан тоқсан тамыр, бір тінменен.
Бал бұлақ, қайнарлы сай, қаймақ ерін,
Сәбидің жүрегіндей бүлкілдеген.

Төрт тарап иман-әдеп, құбыла дөң,
Астасқан алтын шуақ, шұғыламен.
Батар күн, атар таңның түп атасы,
Аспанның Ай шомылды нұрына кең.

Қаз ұшты, Қаптың суын паналамақ,
Бізде жоқ тек жүргенді алаламақ.
Жөргегін Айдан сұрап, желмен тербеп,
Көп жұлдыз көл түбінде балаламақ.

Осындай халық едік мөлдіреген.
(Барады көмейімнен өрбіп өлең.)
Келсең кел, кесірткедей бұралқы жау,
Мен саған қолдан қалай төрді берем!?!...

¹ Пір Бекет – Бекет Мырзағұлұлы. Әулие-Пір атанған ислам әлеміне таныс тарихи тұлға.

² Оғыланды – «Оғыланды» қорымы. Бекет Атаның мәңгілік қоныс теуіп, бақилық болған жері. (Мешіт, бала оқытқан жер.) «Оғыланды» атауы жайында аңыздар бар. Жер, қорым атауы және тарихи тұлға ретінде де бейнеленеді.

Қарады адыр айлақ, бел дір етіп,
Бір құлжа тау басынан келді кетіп.
Мырзалы барды солай Пір Бекетке,
Намыстың аппақ туын желбіретіп.

Көрмеген мұсылманның бір ұлын жат,
Ақ Бекет-ақ сәуле боп, тұр: – «Ұлым», – дап!
Шақпақты, Жабайұшқан, Оғыланды¹,
Жаңғырып жатыр, әне: – «Құлыным», – дап!

¹ Шақпақты, Жабайұшқан – Маңғыстаудағы қыр, тау атаулары, тарихи мекендер.

ҚАҒИДА СӨЗ

Тарих өлсе – шын өлімге жеткенің,
Шеңберіңнен шеттеп мәңгі кеткенің.
Әулие-Пір, салт пен дәстүр қорымың –
Темірқазық, ұлттық ұлы мектебің.

Ұлың қайда естіп өскен бабадан,
Онсыз жаның арылмайды жарадан.
Хақ¹ бөліпті ұлыстар мен руға,
Тамырынан нәр алады әр адам.

¹«Хақтың өзі бөлді бізді ұлттарға» – Алла Тағала Қасиетті Құранның «Хужурат» сүресінің 13-аятында: «Уа, адамдар! Шүбәсіз, сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық. Сондай-ақ сендерді бір-біріңмен танысып, табысуларың үшін сан алуан ұлыстар мен руларға бөлдік. Біле білсеңдер, Алланың алдындағы ең ардақтыларың – ең тақуаларың», – деген.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ЖАУ ЖАРЛЫҒЫН КҮШЕЙТТІ

Біреуді-біреу жазып хатқа күндеп,
Қызыл сөз, қызыл тулы тапқа кірмек.
Жағалай жалаң ұран, бай мен жарлы,
Бәрі де ел басқармақ, атқа мінбек.

«Тәтті сөз» біреулерге қалқан болып,
Біреу жүр, адасқаннан аң-таң болып.
Өзгеріп қағида мен қалыбынан,
Тарыдай шашылып жүр, талқан болып.

Бүлініп барлық жүйе, шаталып жүр,
Мөр ұстап, орталықтан ат алып жүр.
Үкімет өз сөзіне ісі қарсы,
Сүрініп, адым сайын қақалып жүр.

Белсеніп жалшы-жарбай ел үстінде,
Жасамақ дүниені – «тегіс мүлде».
...Басында бар төбенің – күнде қаңқу,
Түбінде опа бермек керіс кімге?!

Ел азып, ырыс қашып, алыстады,
Мал кетсе – елдің жайы таныс бәрі.

Сталин қан сасыған жарлық берсе,
Еселеп Голощёкин¹ қалыспады.

Мал емес, ұлттық санам қолды болды,
Содан соң бассыз кеуде сорлы болды.
Болар да қайта қалғып құламасақ,
Деп жүріп: «Шыда-шыда, болды-болды»

Мысалы, Ер Қазақтың біз баласы,
Көрінер кез болды ғой із жаңасы.
Санам түгіл, тілімді босатпай жүр,
Қатырған Сталиннің мұзханасы.

Жә, енді, оралайық өткен кезге,
Есеміз естен танып кеткен кезге.
Сонымен, малдан салық, жаннан ғаріп,
Түбіңе «Қызыл Кеңес» жеткен кезге.

Осылай күннен-күнге мұң шалады,
Құтырған қызыл-надан құртар әлі.
Ауылдың мансап-мәстек шолақтары,
Халықты тұншықтырып, тұмшалады,

¹ Голощекин – Филипп Исаевич Голощекин. Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1925–1933 жылдардағы бірінші хатшысы.

Ел болды – жүк көтерген қаралы нар,
Тал түсте тоз-тоз болды таланып ал.
Бастады тұяқ серпіп, қалың қазақ,
Басқаша мұның қандай амалы бар?

Неше бір ерлер шықты иықтасып,
Қызылдың қанды жолын қиып басып.
Қаһарға мінді халық ұйым құрып,
Әр тұстан, жорық жасап, тиіп қашып.

Жем – Сағыз, Ойыл – Қиыл, Қайнарымыз¹,
Бір кезде сән-салтанат, сайранымыз.
О, шіркін, Ой мен Кеуде², Өрім менің,
Елжіреп еске түсер қайдағыңыз.

Ақкиізтоғай³ жатыр Ас берген жер,
Ақсақал, Абыздарға бас берген жер.

¹ Жем-Сағыз, Ойыл-Қиыл, Қайнар – жер-су, өзен атаулары.

² Ой, Кеуде – Маңғыстаудың мал өрісіне қарай, жерлерін « Ой, Кеуде, Өр» деп атаған.

³ Ақкиізтоғай – Кіші жүздің ірі бай, биі болған (халық алдында аса беделді, бірегей тұлға) Қожаназар Жаңайұлының асын бергенде, Жем өзені бойында мың ағаш үй тігіліпті. Сол асқа келген Кіші жүздің ханы Айшуақтың жүретін жолына мініп келген арбасы тұрған жерден арнайы тігілген үйге дейін ақ киіз төселген көрінеді... Сол алқап кейін «Ақкиізтоғай» аталған, – дейді, Халық. (Тарихшылар, ақпараттық мәліметтер).

Күй тартып, жыршы-жырау, Қайқыларым,
Сәнденіп Сәйкілерім, жас келген жер.

Дөп тиіп шоқпары да, таяғы да,
Кінәлі ел менен жұрт, саяғы да.
Ол дәуір көзден кетті, сөзбен жетті,
Бұл қазақ кім болмады баяғыда.

Шідерлеп, буындырды қыл тамақтап,
Мысалы, біз бір гүлміз бір тал аппақ.
Ақ Патша көктей орып, Қызыл келді,
Көктесем – көзге түстім қылтанақтап.

Сары тас, сағаналы мола қалды,
Естелік ерлерімнен сол-ақ әлгі.
Бір сүлік жұлынымды теспей сорып,
Қан-сөлін, елдің есін тонап алды.

Санам жүр содан бері сарсаң болып,
Үйренді жау желкелеп тарпаң болып.
Келеді құрыш құрсау, темір шынжыр,
Ілініп мойыныма арқан болып.

Атандық қойдан жуас тоқты халық,
Күйдірді жүрегімді шоқты қарып.
Келемін тұсауыммен, шідеріммен,
Сонда да сорғаладым топты жарып.

Боқымаш Шоланұлы¹ анау жақта, –
Дейді, әне: – «не отырыс, сұрау жоқ па?!»
Шапқан-ды мың үйімді – Қызыл жендет,
Сүйегім әлі күнге тұр-ау отта.

Бірінен-бірі өтіп, анталап таң,
Кім екен сырттан сатып балталатқан.
Күрең нар, қалы кілем, жібек бұйда,
Біздің ел айырылды салтанаттан.

¹ Боқымаш Шоланұлы – Адай көтерілісінің басшыларының бірі. Қайнарда өткен Адайлардың бір қатар руларының жиынында хан болып сайланды. Төрт кісіден тұратын хан кеңесінің мүшелері де осы мәжілісте тағайындалды. Жауынгерлер тобы құрылды (Мамай Салғараұлы, Құныскерей Қожахметұлы, Өзбек Ертөреұлы, Қазақ Шиненұлы, Асан Шынғалиұлы, Қарамұрза Ембергенұлы сияқты азаматтар еді). Адайлар(қаруы өте аз), пулемет-оқ себерге оталып, азаматтары қырылады, жеңіліс табады. Қызыл жендеттер бодан болған балашағаны Үйшікке (Атырау) жаяу айдап, азаптайды. Үш жүз шақырым жаяу жүруге қайдан жарасын, жан төзгісіз жағдайда қалжыраған қатын-бала, аштық пен шөлден шыбындай қырылып, қалаға саусақпен санарлықтай ғана адамдар тірі жетеді. Кейін, көтерілісшілердің сүйегі суса болып, қаны төгілген, қоршауға түскен, халық жадындағы қаралы жер «Мың Үй Шабылған» аталып кетеді. (Авт.)

1931 жылдың көктемінде Боқымаш Шоланұлы бастаған аса көп үй (Адайлар), қызылдардың құрсау-қыспағына төзбей, Жылойдан Маңғыстауға, одан әрі Түрікменстанға, Бесқалаға көшуді, қырдан құлауды көздейді. Жансызы көп, кәсіби қызыл жендет-жазалаушылар күн қақтаған көштің ұрымтал, байыздар тұсын аңдып, бөлек-бөлек бөрліктіріп жүріп, торға түсіреді. Қандарын судай шашады..., аяусыз қырады. Ел есінен мәңгі кетпейтін бұл қасіреттіңжүгі ауыр...

Маңғыстау..., Құрмаш¹ кетті мынау жақта,
Бұл өзі көп әңгіме, сыр-ау басқа.
Ен Адай бас көтеріп, сан қырылды,
Қайтейін, көз ішінде қырау жатса.

Тік тұрып, тірлік қылып қайтар құнын,
Азамат арлы болса, байқар жүгін.
Сен қалғып, ұйықтайтын кезің бе бұл,
Мен бірақ оны кімге айтам бүгін?!

¹Құрмаш – Құрмаш Қосжанұлы (1880 – 1930) – халық қаһарманы. Құрмаш Қосжанұлы (Адай – Тоқабай) қызыл әскермен атысып, жаудың жанын көзіне көрсетіп, өзі де мерт болған, алғашқы көтерілісшілердің өкілі, айтулы батыр, тарихи тұлға.

Жә, жарар, бәлшебекке оралалық,
Ақ Кетік теңіз бойын орап алып,
Бауырын кеңге жайды бір әбжылан,
«Жанашыр» жалпақ жұртқа бола қалып.

Желкелеп, жолдағының ұрып бәрін,
Түскен-ді Ай – кісенге, құрыққа – Күн.
Жасаған қолдан аштық, ойдан қастық,
Алып жүр, жайылым мен құдық санын.

Бәлшебек күні кеше малды қырып,
Қазақты көр түбіне салды біліп.
Қаптаған орыс-орман кеңсе толы,
Төбелеп, төріңізге алды кіріп.

Бұл өзі отыз бірдің көктемі еді,
Жау-жасақ қаруы сай, өктем еді.
Қаратау, Қарақия, Кендірліме¹,
Тоғытып топан судай бөктереді.

Көшкеннің жолын кесіп шеңберледі:
«Басмашы, басбұзарға ерген», – деді.
Аранға ақ киіктей айдап тығып,
Тірілей жеп барады жерден жегі.

¹ Қаратау, Қарақия, Кендірлі – Маңғыстаудағы жер атаулары.

Есіртіп «Дала сотын» жаратты да,
Жеті жұт жерден келді қабат мына.
Айырып үй бас сайын Азаматтан,
Айдады үйірімен абақтыға.

Жансыздар тың-тыңдап жүр, сынай барлап,
Елде не бұдан кейін шырай қалмақ?!
Ашылмаған түндіктен аш-жалаңаш,
Бір байғұс жалғыз шықты жылай зарлап.

Пулемет-оқсеберін сүйретіп жүр,
Шендісі шегір көзге үйретіп жүр:
«Қылышпен олай емес, былай шап», – деп,
Найзасын нысанаға түйретіп жүр.

Қорқады, түздіктерден жасырып жүр,
Жасырып қорқақтығын, басынып жүр.
Көк мылтық, оқ-дәрі мен тапаншасын,
Сақтанып, аяқ басса асынып жүр.

Көп болды бәлшебектің тырнап ішін,
Есінде Ер Мырзалы тұрғаны шын.
Құрсаулап аңдыған жау келе жатыр,
Құлатпақ елдің сенген Мырзалысын.

«Мырзалы жаман, – дейді, – Тынымбаев, –
Байқайық, баса-көктеп ұрынбайық.
Шеңберлеп құрсап алып дөп басайық,
Қанатын үлгермесін бұрын жайып».

«Ол келіп мына бізді атпай ма?!» – деп,
Азуы, айбалтасы батпай ма?!» – деп, –
Бір сатқын қайқы құйрық қыңсылайды:
«Жүректің тұсынан кеп шақпай ма?!..» – деп.

Біреуі: – «Нағыз банды сол», – деп тұрды,
«Мыңғырған маң далада қол», – деп тұрды.
Біреуі, су тышқандай сумаң қағып:
«Басмашы барып тұрған – Ол», – деп тұрды.

Біреуі: – «Қырдан кетіп асқыр», – дейді,
«Өтпейтін шапса қылыш тас бір», – дейді.
Біреуі: – «Аңның тілін біледі екен,
Мырзалы – мыңнан бөлек қасқыр», – дейді.

Жау солай жатып-тұрып жасқанып жүр,
Кектеніп кеудесінде тас қалып жүр.
Орнынан бірі жатса, бірі тұрып,
Үркердей үрейленіп қастанып жүр.

Жау ғой ол, не демейді азаматқа,
Өш қой сол көз бенен сөз қазанатқа.
Тек жүргенде тоныға бит жүгіртер,
Сақтасын Құдай өзі, жаза баспа.

ЖОРЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЖИЫН

(Мырзалы ханның жасағы)

Заманың елге зауал салғаннан соң,
Қарағай, қайың құлап, тал қалған соң.
Жиылып азғана топ ақылдасты,
Хан сайлап Мырзалыны алғаннан соң.

Ел сенген, ерлерім-ай текті кілең,
Азарын ата жаудың шекті кілең.
Тордағы Арыстандай арпалысқан,
Ақ қылыш, ар мен намыс, кекті кілең.

Әр сөзі, айтқан ойы тақыл қандай,
Батырлар, бар болмысы батыл қандай.
Көзінде көңілінің оты жатыр,
Жанартау жаңа ғана атылғандай.

Бесатар, көк мылтығы шүріппелі,
Отыр сол, ақ білегін түріп тегі.
Ұйқы жоқ ұл мен ұлтта, сан жыл болды –
Ел босып, ақ бөкендей үріккелі.

Ақсақал, аламан би, хан қасында,
Ант пен серт – әр рудың таңбасында.
Кешегі мың мешіттің елесі тұр,
Молданың бөзден киген шалмасында.

Би сөзі – биязы жүн түбітіндей,
Тыңдайсың қалай оны үгітілмей.
Тар үйге балауыз шам – Күн секілді,
Немесе, елдің соңғы үмітіндей.

Аш құрсақ, сәби менен жас аунайды,
Болып тұр, арман үнсіз, асау қайғы.
Ілінген ақ пышаққа Аруанадай,
Жел боздап, Ай менен түн жасаурайды.

Иесі кірпік қақпай жүр күзетіп,
Ажалды жеңген, сірә, кім күресіп?!
Ауылды асыраған Құмай Тазы,
Қыңсылап құлап жатыр дір-дір етіп.

Әйтеуір, не болса да, ұтылып тұр,
Көмейі дүниенің түтігіп тұр.
Танауы талқы шайдан мезі болған,
Жез құман жерге, міне, түкіріп тұр.

Кеңесіп кемел сөйлеп бәріменен,
Қашанда «Халық сөзі – дәрі» деген.
Мырзалы басын изеп тыңдап отыр,
Ерлердің айтқан сөзін жаныменен.

Біреу жүр, пайда тауып қумен жүріп,
Қыр үсті – айтып болмас шу мен бүлік.

Мал қанша, азық қалай, қару нешеу,
Жол қамы, жорық қамы, су мен құдық.

Мырзалы: – «Ел қорғаған сауап-ты, – деп, –
Бабамыз жаһан кезіп, тау асты», – деп.
Аз сөйлеп, көп жүктеді ерге міндет : –
«Ер Жігіт – Елі үшін, жауапты», – деп.

«...Не жетсін шама келсе амандыққа,
Қимаймыз ел мен ерді жамандыққа.
Бәрібір аңдыған жау келгелі тұр,
Қансусар қылышымен тамам жұртқа.

Дінсіз жау біздер жайлы не білуде?
Ол аз күн ойран салып тебінуде.
Ар аттап жол қалмады шегінуге,
Ел қорғап өлу деген – жеңілу ме?!»

Бәлшебек сөз түсініп тыңдамайды,
Найзасын төске түйреп, ырғалайды.
Барамыз тұяқ серпіп, амал бар ма,
Бұл елге енді басқа кім қарайды?!

Ақылын аламанның танып білу,
Алаңсыз майданға бас салып кіру.
Тоғысқан көп тілектің бесігі бір:
Ел-жұртты аман сақтап, алып шығу.

Құрсауды бұзып-жарып қырдан асу,
Қашанғы ас болады – бір қара су.
Бір көріп, не көрсе де қалың сарбаз,
Құшақтап бірін-бірі ырзаласу.

Жері жоқ Мырзалыны ел тілдеген,
Жан емес: – «Мен білем!..» – деп,
желкілдеген.

Азамат – ақылы кен, ойы терең,
«Мырзалы Хан» дегенге желпінбеген.

Қасында Жармағамбет¹, Қарабатыр²,
Өткелбай, Ақшолақтар³ арада тұр.
Жол алды Жұмабай мен Қонғабайы⁴,
Мың жасақ, басын қоспақ, қара да тұр.

¹ Жармағамбет – Жармағамбет Қажыбайұлы.

² Қарабатыр – Қарабатыр Қаралдаұлы.

³ Өткелбай – Өткелбай Батынұлы. Ақшолақ – Ақшолақ Жаңайұлы.

⁴ Жұмабай – Жұмабай Үсенұлы. Қонғабай – «көтеріліске қатынасқан Қонғабай, әкесінің атын құжаттардан кездестіре алмадық, ол 1931 жылы көтерілісшілер жасақтарының біреуін басқарған, кейін жеңіліс тапқан кезде қашып кеткен. Бұлар бір кісі ме немесе аттастар ма, неде болса үкіметтің қара тізімінде болғандар.» («Ойрандалған Адай даласы» кіт. 1995 ж., авт. Ізтұрған Сариев, Мұқаш Омаров). Енді бір мәліметтерде, ақпарат көздерінде Қонғабай Шоғырұлы (Қаңғабай Шаңқараұлы) деп те беріледі.

Осыдан қызыл-Кеңес дірілдеп жүр,
Ішқұса, іштен тынып, іріңдеп жүр.
Құрсаулап ой мен қырды, қару тасып,
Табанын тасқа басып тілімдеп жүр.

«Мырзалы қауіпті, – деп, – басқасынан»,
Жансыздар сыбырлап жүр жат қасынан.
Ұйыған бір басшыға – мың бір сарбаз,
Ерлер жүр, алыстамай ат қасынан.

Қайғыны қамсыздықтан тартар адам,
Айнала алпауыт ел, алқалаған.
Қаруы ерлерімнің – ар мен намыс,
Дұшпан жүр пулеметін арқалаған.

Хабар ал Босағалы – Қарағаннан,
Баз кешіп шыбын жан мен қара қаннан.
Барады топ-топ сарбаз, торыққан жұрт,
Айбалта, шоқпар, мылтық, жарақ алған.

Бір көкжал түнді жарып ұлыған-ды,
Қу дала, жансыз жаһан, тұлып, әлгі.
«Ерлерге түз тағысы тілектес», – деп,
Мырзалы сәл жымыып күліп алды.

Көкжалы, бұл Адайдың даласы бар,
Көп қауым, көкте қыран, санасып ал.

Жау деген – жылан да бір жорғалаған,
Мысалы қызыл бауыр, қара шұбар.

Ерліктің өлгені жоқ, өрнегі көп,
Қара жер, оған куә өрдегі көк.
Келеді сары сағым орай қаптап,
Ақ шейіт атып тұрып көрдегі көп¹.

¹ «...Көтерілісшілер қозғалысы адам саны жөнінен басым болғанмен, олардың қару-жарақтары жоқтың қасы еді. Олардың барлық әзірлігі – жазалаушылардан сытылып шығу, елді аман сақтап, көп шығынға ұшыратпау, бала-шағаны жылатпау болды. ...Үстірттің солтүстігінде, Сам өңірінде, Сам құмынан Көгел дөңесі, Бейнеу, Доссор ауданының №32 және №33 ауылдары өздерінің басшысы етіп – Жанақ бөлімінен Ыстамғазыны, оның көмекшісіне Жеменейдің Кенже бөлімінен Тұяқты сайлады. Қарабауыр, Қарамая бөктерін де, көлі мен айналасында көтерілісшілер жиналды. Бұл ауылдарды Мырзағали Тынымбайұлы, Айшуақ Жаңайұлы, Дауылтай және олардың сенімді көмекшілері Мамай Салғараұлы, Өткелбай Батынұлы (Қожаұлы), Бәйімбет Жангелдіұлы, Назыр Бөкенұлы, Қарабатыр Қаралдаұлы, Ерғали Күтегенұлы, Қонғабай және Досандар басқарды. Бұлардың жасақтар топтары бірнеше кісілерден құралды, барлығы 2000 адамнан асты. **Барлық көтеріліс басшылығын, ел алдында беделді, халық қолдайтын Мырзағали Тынымбайұлы өз билігіне алды.**» – (авт. I.C, M.O.)

Әрнені тарыққан жұрт ырым қылмақ,
Кетіп тұр не болса да қырын бір бақ.
Бәрібір, содан басқа кімің бар деп,
Еріп жүр, молдаторғай жырын-жырлап.

Тұр, әне, құзға біткен шынардай боп,
Көрген жау, көктей солып сынардай боп.
Ел-жұртын бір Аллаға аманаттап,
Мырзалы дүр сілкінді қырандай боп.

Қабағы қарлы қыстай сақылдаған.
(Жан емес, «жамбас би» боп, тақылдаған.)
Көзінде мың найзағай ұшқындаған,
Жанында жанартау бар атылмаған.

Ұласып құйын бұлтқа, қырдағы шаң,
Түс ауды, ұмыт болды сырғалы таң.
Өмір тұр жанарында өрттей лаулап,
Өлшемі ел мен ердің – Мырзалы хан!

ЖАМАНҚҰЛ ЖИЕНШОРАЕВ

В.И. Ленин атындағы әскери мектепте оқыған. БМСБ(ОГПУ)-ға қарасты 68-дивизионның жазалаушы отрядының взвод командирі, ұлты қырғыз. Қызыл үкіметке жанымен берілген, кәсіби, кәнігі маман. Орта Азия мен Қазақстандағы халық көтерілістерін басуға, соғысуға аса белсенділік танытқан адам. Маңғыстаудағы қызыл үкіметтің жазалаушы тобына бұл да келіп қосылды. «ПО СЛЕДАМ БАСМАЧЕЙ» атты

(авт. Джаманкул Дженчураев. г.Фрунзе, № 1 Полиграфиздата Мин.культ. Кирг.ССР. Второе исправленное издания. 1964) кітабы жарық көрген.

Алқакөл сұламалы, ақ табан ел,
Кірпігін күндіз-түні қақпаған ел.
Ташкент пе, Ферғана ма, Хожакент пе¹,
Сол енді, соры қайнап қақсаған ел.

Тау жайлап, Памир² жаққа тарап жатыр,
Түшкірсең кінәлісің, жарап жатыр.
Аш халық, өлмеу үшін не істемес,
Тәртібін «Басмашы» деп қарап жатыр.

¹ Ташкент, Ферғана, Хожакент – Орта Азиядағы жер, қала атаулары.

² Памир – тау атауы.

Қызыл ту – Жиеншора Жаманқұлың,
Сөйлеп тұр соның сөзін заман бүгін.
Атасы – Ленин¹ менен бір Сталин²,
Келмейді енді оған шамаң бүгін.

Жетеді «көсемсіген» надан мұнда,
Ұрпағым, сабақ болсын саған бұл да.
Аттырып Түркі – туыс, мұсылманды,
Жат жатыр жарақ беріп, Жаманқұлға!

Бір емес, бұл Жаманқұл толып-ақ жүр,
Мінберден менменсініп орын ап жүр.
Кеңестің итаяғын: – «Ием ғой», – деп,
Мылтығын шошаңдатып қорып-ақ жүр.

Ерлердің көзін құртып алшаңдаған,
Саршұнақ қайда да бар балпаңдаған.
Кім айтты бұл Жаманқұл бізде жоқ деп,
Кім болса, соған еріп салпаңдаған.

¹ Ленин – В.И.Ленин. Большевиктердің көсемі.

² Сталин – Иосиф Сталин (1878 – 1953). Кеңес Одағының, 1924 жылы Лениннің қайтыс болуынан бастап, 1953 жылы өзі өлгенге дейінгі аралықтағы ең жоғарғы жетекшісі.

Бас алып, басып-жаншу – ермек болса,
Ниеті – у татыған кермек болса,
«Оқыған адам жаман – наданнан да» –
Қамдаған қара басын, жеңдет болса.

Тың-тыңдап, қос құлағын түріп жүрсе,
Әлсізді желкеден ап бүріп жүрсе.
Қош көріп тек күштінің сөзін сөйлеп,
Иттей боп үйретілген үріп жүрсе.

Жүрген жоқ жүз құбылып тіріде кім?!
Құмар боп, күйе жағып, біріңе мін.
Құрттаса ұл санасы елге жұғар,
Мысалы, тірі жүріп шірігенің.

Жүрегі жауыздықтан қатып жүрген,
Көзімен көрінгенді атып жүрген.
Қазақтың жаманқұлы бүгін аз ба,
Дәстүр-салт, дін мен ділін сатып жүрген.

Жә, енді, оралалық сөз басына,
Әркімнің ар күзетші – өз басына.
Бұл тарих – бұла күннен қалған тарих,
Түбектің шомылып тұр көз жасына.

Жаманқұл – бұл өзгеше, «дара тау-ды»,
Бәрі Өзі: бәсі бөлек, «нар» атаулы.

Қарақұм, Ембі, Доссор, Үстірт¹ басып,
Қорғамақ Ақкетік пен Қаратауды².

Қырын кеп, қырсығып тұр, қалай жалған,
Мың жұмбақ, бір ақиқат, сарай жалған?!..
Жаманқұл қорғамақшы – қызыләскер,
Маң дала, Маңғыстауды – Адайлардан!

Жаманқұл: – «жақын болмақ», –
Шалдарынан»,
Ер Шабай³: – «Я, Бекет!..» – деп, салған
ұран.

Кешегі Қармыс⁴ пенен, Иса – Досан⁵,
Баһадүр Балуанияз⁶ балдарынан.

Қауындай таңдап жүріп шертіп алмақ,
Сендіріп, жүректен ет кертіп алмақ.

¹ Қарақұм, Ембі, Доссор, Үстірт – Маңғыстау, Атырау өңіріндегі жер атаулары.

² Ақкетік, Қаратауды – Маңғыстаудағы қала, тау атаулары.

³ Ер Шабай – Шабай Қонысұлы. Маңғыстау өңірінен шыққан халық батыры, тарихи тұлға.

⁴ Қармыс – Ер Қармыс Бекболатұлы, халық батыры.

⁵ Иса – Иса Тіленбайұлы. Досан – Досан Тәжіұлы. Халық батырлары.

⁶ Балуанияз – Балуанияз Мүсірепұлы. Халық батыры.

Мысалы: – « Халқың жаман, Сен жақсы»
деп,
Алдамақ, сосын сені ертіп алмақ.

Жаманқұл – жамандығың осы дағы,
Жүрегім осындайдан шошынады.
Бұл дала – сағым дала ұстатпайды,
Лениннің суреті емес қосыңдағы.

Бұл өзі ескі емес, жаңа майдан,
Ер тумас дейсіңіз бе сан Адайдан.
«Жаманқұл, кет, әрі жүр, пішту», – дейді:
Ақ серке, егіз лақ анадайдан.

Қосып ап орыс-орман барлық ұлтты:
«Болмақ, – деп, – бай жоғалып, жарлы
құтты!»

Бастаған Жиеншора Жаманқұлың,
Із салып, қоян сынды шар қылыпты.

Қарақұрт кейбіреуін шағып жатыр,
Сұр мерген енді бірін бағып жатыр.
Қасында Клигман мен Поповы¹ бар,
Бурковын² аптап ұрып, қағып жатыр.

¹ Клигман, Попов – жазалаушы Қызыл әскердің өкілдері.

² Бурков – жазалаушы Қызыл әскер өкілі. Жаманқұл Жиеншораның серіктері.

Дегенмен қызыл әскер тірегі көп,
Қатыгез, кеудесінде жүрегі жоқ.
«Адамның арғы тегі – маймыл», – деді,
Жаратқан дүниені бір өзі боп.

Арасын аспан мен жер иеледі:
«Жоқ, – деді, – әулие, пір, кие», – деді.
«Жұмысшы мен шаруа», – деп, қосып алып,
Қалғанын «Қарсы, жау!..» – деп, күйеледі.

Жоспары, қолтығында бар сызғаны,
Маталып ел менен ер, таң сыздады.
Сам, Бейнеу, Түлей¹ жақта, жазалаушы,
Торып жүр, Сенек² жақты жансыздары.

Бел-белес қалқан болды қашқан жанға,
Боз төбе асу болды атқан жанға.
Екі адам рулы елден тірі қалса,
Таңғалды бірін-бірі тапқан жанға.

Сенделіп серігінен адасып жүр,
Тоз-тоз боп төрт тарапқа тарасып жүр.

¹ Сам, Бейнеу, Түлей – Маңғыстаудағы жер атаулары.

² Сенек – Маңғыстаудағы жер атауы.

Ит жаудың иесінген тілі жаман,
Қазаққа не десе де жарасып жүр¹.

¹ ЖАЗАЛАУШЫЛАР ТОБЫНЫҢ БІРІККЕН КҮШІ:

«...Мемлекеттік біріккен саяси басқарманың сыртқы Кавказ округтік шекаралық басқармасының бастығы Сумбатов басқарған екі дивизион, Баку жартылай эскадроны және Дағыстан отряды, барлығы 400 жауынгер, Мемлекеттік біріккен саяси басқармасы әскерінің 24-полк командирінің көмекшісі Оглоды басқарған әскери күзетінің 100 кісілік атқыштар тобы және 70 адамдық Мемлекеттік біріккен саяси басқарманың әскері, екі станокты пулеметпен және «Атарбеков» күзетші кемесінің атыс құралымен күшейтілген;

100 әскери жауынгері бар, 2 станокты пулеметпен, 6 қол пулеметпен қаруланған Воронежский басқарған Саратов отряды... 21 мамырда Каспий теңізі арқылы Өліқолтықтың түстік шығысына 40 кісілік әскерімен Гурьев дивизионы келіп түсті. Олар сол жердің жағалауын барлағаннан кейін, теңіздің оңтүстік жағасымен 5 маусымда Кендірлі шығанағының жағасына келді. Осы жерден автомашинамен дивизион әскері терістік шығысқа қарай Бесоқты және Сенек құдықтарын бағытқа алды. Одан әрі қарай Сеңгірқұм және Бостанқұм құмдары арқылы отряд Қайдақ сорының оңтүстік жағалауымен Қаракешуге келді.

Мамыр айында қарауында 110 әскері бар, 2 қол және 3 станокты пулеметімен қаруланған 8 жүк, 2 жеңіл автомашинамен, 39 атты әскерімен форт-Александровскіде Сырма басқарған 68-дивизион шықты. Бұлар Маңғыстау бөктерінің және

Осылай құдықтағы құлан болдық,
Ойылған екі көзі бұлан болдық.
Жайылып түгел түркі Тұран асып,
Жөңкілген бұлт сияқты мұнар болдық.

Бостанқұм құмының оң бетімен Бесоқты, Сенек құдықтары арқылы Босаға, Қайғылы-Баба, Қарақын, Тағылбай, Күшетас құдықтарына шықты. Осыдан кейін Қосақұрық арқылы Қарашек көлінің терістігімен Бесоқты, Сенек құдықтарына қайта оралды. Бесоқты маңында бұларға барлау жасап жүрген Клигман тобы қосылды.

Осыған қарағанда, қарсылас топтардың екі жағы да осы жылғы жаз айларында шешуші айқас-қа өздерінше әзірленіп-қамданғаны байқалады»
(авт. І.С, М.О.)

ЖАНСЕБІЛ АЙҚАС
(Қараған – босаға.
1931 ж. 24–25 маусым)

Боз бота бауырлайды енесіне,
Нухының¹ тығылғандай кемесіне.
Жақпар тас жан біткендей шыңғырады,
От шарпып, оқ тигенде денесіне.

Бозторғай балапанын басып қалды,
Жез киік жерден безіп асыққан-ды.
Таласып құзғын, қарға қутаңдап жүр,
Сарбаздан шүмектеген татып қанды.

Ұйытқып құйын соқты, шаң таласып,
Бекінген дұшпан жатыр анталасып.
Кісінеп иесі жоқ бір қарагер,
Ішегін сүйретіп жүр жанталасып.

Ақ қылыш, ерен ерлер жаудан басым,
Қырдан от, ойнағандай таудан жасын.
Біреуі қызыл жаудың оққа ұшты,
Ажал кеп бетін әрі аударғасын.

¹ Нух – Исламда аса құрметтелетін пайғамбарлардың бірі.

Жансызы жер бауырлап, бұғынып жүр,
Жақын кеп, дүрбі салып, сұғынып жүр.
Қазақтың қанын ішіп, жасын жұтқан,
Шөліркеп үйірлі жын құмығып жүр.

Тыңшы жау қолға түсті тырбаңдаған,
Таланып тау мен тасқа шырғалдаған.
Жатыр сол жылан көзі жылт-жылт етіп:
«Бар ма?.. – деп, – көмектесер, бір жан
маған?!» –

Бір орыс қолға түсіп, шүлдірледі: –
«Тыңшымын, Жаманқұлмен бірмін», –
деді.

Бүрісіп бүйідей боп жатқанменен,
Бұл қанша біздің елді бүлдермеді.

Жазасын – алды шоқпар, бақаннан да,
Тап болды буырқанған атан-нарға.
Арқалап өз табытын алып келген –
Тағы да бір жау кетті жаһаннамға.

Жаманқұл жаман састы: – «...Тажал ма?!..» –
деп!

Мырзалы ол да тұрды: – «Жан – Алла!..» –
деп!

Жау іші абыр-сабыр үрейленді:
«Көп қазақ – көктен келген ажал ма?!..» –
деп.

Жау емес, жау дегенің – арам мыстан,
Айласын әр нәрсенің табар мыстан.
Кіл Мыстан көмек сұрап, ойбай салды,
Іздегі жазалаушы, жан алғыштан.

Мырзалы қыр мен сайды аралап жүр,
Шамалап жау әдісін саралап жүр.
Жүгіртіп сарбаздарға көмекшісін,
Ерлермен шайқас жайын қарап-ақ жүр.

Тастамай ер сүйегін жасырып жүр,
Дұшпанның зәре-құтын қашырып жүр.
Көзіне түскен жауды мүлт жібермей,
Тоғытып тозақ жаққа асырып жүр.

Оқ тиіп сарбаз жатыр солқылдаған.
(Әріден үн қатады сол күн маған.)
Өртенген күн райы кешке қайтты,
Ақ сағым, аптап кешіп толқындаған.

Түрі жоқ бұл шайқастың тоқтар бірақ,
Өлді, әне, Фетисовың¹ оқтан құлап,

¹Фетисов – Александр Ильич Фетисов. Жазалаушы Қызыл әскер жетекшілерінің бірі, чекист. Маңғыстауда Мырзалы ханның көтерілісінде қаза тапқан барлаушы-басқыншылардың бірі.

Барлаған Қарқынқұдық¹, тау асуын,
Шықты әне, тағы бір жау оттан бір-ақ...

Қорғаған Ата жұртты Адай ақ-ты,
Сондықтан сұр жебесін қадай атты.
Сол жолы Фетисовты кім атса да,
Мырзалы Хан бастаған – Адай атты!

Фетисов – өлді, бітті, анық атты,
Өксініп, өртенді жау, қаны қатты.
Мейлі ғой кім атса да, ең бастысы,
Сол жолы Фетисовты – Халық атты!..

Қарайды ер жолына кім егілмей,
Бұл қайғы – қылдан ескен шідеріңдей.
Ақша бұлт ақ жаулықтай қалқып жүрді –
Адал жар, аналардың тілегіндей.

¹ Қарқынқұдық – құдық атауы.

«...24 маусымда Қарқын құдығына өтетін тау асуын барлау үшін Сырма бір автомашинамен 8 жауынгерін және 2 оперативтік қызметкері Чапурин мен Фетисовты жіберді. Тау асуына жақындаған- да оларды тасадан көтерілісшілер тобы атқылай бастады. Фетисов ауыр жараланып, екі сағаттан кейін лагерьде қайтыс болды...» – (авт: І.С, М.О).

ТҮНГІ ТАРТЫС

Күн батты, Ай қонақтап, түнің келді,
Екі жақ түн жамылып күбінген-ді.
Сұр мылтық атылып тұр, жалмап түсіп,
Жақындап жауға білек түрінгенді.

Аспаннан жұлдыз емес, жан ағып тұр,
Қол жетпес арман болды таң анық бір.
Мысалы, қара түнің – қара барыс,
Бұл жолы езуінен қан ағып тұр.

Тырналап жан іргесін қара мысық,
Бозторғай мана кетті тарап ұшып.
Тарғыл бұлт түн бауырын жалап тұрған,
Мысалы, аузы-басы жара күшік.

Ыңырсып ер қансырап, жел қыңсылап,
Төлежіп, төбе болды сеңгір тұрақ.
Менің де қаламымнан қан сиіп тұр,
Қосында қалған жандай елсіз бір-ақ.

Оқ жатыр шыбын жанның емін беріп,
Сұм ажал, сұрамай-ақ тегін келіп.
Көрісіп көк жусан мен бетеге қыр,
Ащы сай, сорлар жатыр кебінденіп.

Жараның жаңа шыққан іріңіндей,
Шипасын бұл заманның бірі білмей.
Сүрінген сүрлеу сынды – Құсжолы тұр,
Созылған жіліктінің сіңіріндей.

Бір қазақ – зауал келді Үш Анаға,
Алты алаш қайта түлеп күш ала ма?!
Тымпиып басып киіп тақиясын,
Қара түн кімді алып тұр нысанаға?

Жау жатыр жарақ сайлап қайымданып,
Қарайды қаймақ бұлттан айың налып.
Желкеде жеті бірдей¹ қарақшы тұр,
Иықтан бас теруге дайындалып.

Қара түн – қара кеуде ісінеді,
Түсінер қайғы жетпей кісі нені?!
Айналып² Ақ боз, Көк боз аспан жақтан,
Ақситып күрек тісін кісінеді.

Өртеніп кетіп жатыр өмір демде,
Жан көкте, енді, әрине, көрің жерде.
Жарып тұр қара түнді оқ пенен от,
Ажалдан шашу шашып көрінгенге.

¹ Жеті қарақшы – жұлдыз атаулары.

² Ақ боз, Көк боз – жұлдыз атаулары.

ТАҢҒЫ МАЙДАН

«...24 – 25 маусымда Босаға құдығынан 12 шақырымдай жерде көтерілісшілердің барлық қарулы күштерінің бастығы Мырзағали Тынымбайұлының жауынгер жасақтарымен 68-дивизионның жазалаушыларының арасында тәулік жарымға созылған қанды шайқас болды. Бірінші күнде, 24 маусымда көтерілісшілер күші, 40 кісілік әскері бар жазалаушылар отрядынан 10 еседей көп болды. Екінші күні, 25 маусымда дивизион соғысқа 110 кісілік, 3 станокты, 2 қол пулеметтерімен қаруланған барлық әскер құрамын қосты... » – (авт: *І.С, М.О*)

Таң атты арпалысып тағы, міне,
Тынбай тұр, пулеметтің жағы, міне.
Ақ құсы әділеттің таразыда,
Не соры, не болмаса бағы, міне.

Шапқан мен шаршы топтан ұрандап ұл,
Қамшы сап, қайран ерлер шыдамға бір.
Кезеніп бет қаратпай пулеметі,
Келеді жау жақындап жылан бауыр.

Жақпар тас, анау тұрған жар таңбалы,
Мысалы, ақ жібек ту – ар таңбалы.

Өзі жүр жау бетінде Мырзалы хан,
Ізінде – сертті серке, арқарлары.

Күн ауып, алмағайып тұсында тұр,
Ажал кеп, құрбандарды құшып жатыр
Әр жерден өшкен шамдай ерлер құлап,
«Аллалап» – аманат жан ұшып жатыр:

«Күн батса көзді жазып қаламыз», – деп,
Ерлер жүр: «жақын барсақ аламыз», – деп,
«Бұл жаудың қаруы көп, өздері аз,
Қапысын тапсақ ойран саламыз», – деп,

Лап қойып, дәл осы сәт, атылатын,
«Алла!..» – деп, – «Я, Бекет!..» – деп,
жапыратын.

Ізінде үкімет жоқ Мырзалының,
Жау құсап, жан қысылса шақыратын.

Басталды ұлы қырғын, ала майдан,
Әйтеуір, қыр мен төбе, сала майдан.
Жалаң төс, жапан дала, қып-қызыл қан,
Аумайды, сұлаған ер қарағайдан.

Қоя ма қанды қылыш – қайралған жау,
Қан кешіп, неше шыққан майданнан жау.
Білдірмей пулеметін құрып қойып,
Сақтанып алды бұрын сайланған жау.

Керегі осы жауға, дегені де,
Пулемет қарсы шықты, жебеліге.
Ғұмырын турап беріп жатыр, әне,
Шоқпар, тас, шолақ мылтық – Ер Еліне!

Мырзалы алға кетті, шегінбеді:
«Жан құрбан, аман болсын, Елім!..» – деді,
«Ел үшін жаудан өлсем арманым жоқ,
Бір уыс топырағың кебін», – деді.

Қаһарлы қанды шайқас, аяу қалды,
Жау жақын, жар астында таяу қалды.
Інісі Мырзалының Бердіқожа¹,
Оқ тиіп тұлпарына, жаяу қалды.

Даланың қайғы басып сүреңін дөп,
Үзгендей үркіп қалды күдерін көп.
Содан соң Мырзалыға оқ дарыды:
«...Қайда сол, жылы қан мен жүрегің?.. » –
деп.

Бақ ұшты: – «Қанды қанат торғаймын», –
деп,
Ұрпақтың кеудесіне орнаймын», – деп.

¹ Бердіқожа – Құнанорыс Бердіқожа – Мырзалы ханның туған інісі.

Ұрпағы ер Шоғының¹ – Шошай² өлді,
Асыл ер – Мырзалыны қорғаймын», – деп.

Дүние қызыл қанды қақырып тұр,
Жау біткен бірін-бірі шақырып тұр.
Серігі, серттен таймас – Ер Түйеші³,
Сан соғып қапияда «Аһ» ұрып тұр.

Қара бұлт жерге соқты қамыққаннан,
Ажалдан кім бар жанды алып қалған.
Талай жан ақ бөзбенен көрге түсіп,
Сыртында қарауылдап табыт қалған.

Шейітке құлаған түс айғақ болар.
Алдында бір Алланың байрақ болар.

¹ Ер Шоғы – (Қырықмылтық) Шоғы батыр Мұңалұлы.

² Шошай – Қырықмылтық руының жігіті Шалабайұлы Шошай, құралайды көзге атқан мерген, батыр.

³ Ер Түйеші – Қисықұлы Түйеші. Жаужүрек батыр, мерген. Мырзалы ханның жан серігі, сырласы болған тұлға. (1892–1976 жж.) 84 жасында дүние салған. Бейіті Қарақалпақстанда, Хожелі ауданында, «Мәздімхан сұлу» қорымында жатыр. Қызыл үкімет қуалап жүріп, ұстап, Якут – саха еліне абақтыға жіберген. Итжеккенде 20 жылдай түрмеде болған. (Мәлімет Жалғас Балмағанбеттегі мырзадан алынды.)

Кебіні қанды киім ер біткеннің,
Басында құс қонарға сайғақ қалар.

Қансырап ер Мырзалы талықсыды,
Кеудеден көтеріліп жан ұшқыны.
Ажалдың сұлбасынан көрініп тұр,
Жалғаншы, қу тірліктің алыстығы.

Мырзалы жанып-күйіп жалындады,
Қоршады қызыл әскер залым дағы.
Жаманқұл шағал құсап айналып жүр,
Бір көкжал шаршыдағы алынбады.

Мырзалы –көкбөрі ғой қақпандағы.
(Жау байғұс жан ұшырып «Аттандады».)
Бір уыс қызғалдақ боп тасқа сіңді,
Батырдың жүрегінен аққан қаны.

Мырзалы – құрыш кеуде, тастан қатты,
Көлденең көк мылтығын жастап жатты.
Қаусырып қанатымен ақ шейітті,
Торлады мың періште аспан жақты.

МЫРЗАЛЫ ХАННЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ МЕН ОҒЫ

Мінген ат: – «Мені шал!?!... » – деп, –
қасында тұр,
Езіліп, қыр менен тау, тасың да тұр.
Жаманқұл: – « Мырзалы хан, беріл!?!... » –
дейді,
Таста!.. – деп, – қаруыңды» – басында тұр.

Жолатпай жау әскерін жатып қалды,
Кетпек боп жау бойынан татып қанды.
Шығарып жең ішінен тапаншасын,
Мырзалы Жаманқұлды атып салды.

Жаманқұл жараланды, қаны шықты,
Бұрқ етті, қара жердің шаңы шықты.
Мырзалы: – «Коммунисті¹ жек көрем!..» –
деп,
Атысып, қылыш үсті жаны шықты.

¹ Мырзалының «Коммунисті жек көрем!..» деген соңғы сөзі – Жаманқұл Жиеншораевтың «ПО СЛЕДАМ БАСМАЧЕЙ» атты кітабынан алынды. Кітапта: Коммунисті көргім келмейді деген мағынада айтылады. (Авт. Джаманкул Дженчураев.г. Фрунзе, №1 Полиграфиздата Мин.культ.Кирг.ССР. Второе исправленное издания. 1964).

Жаманқұл қорыққаннан шапқылады,
Шапқылап, Мырзалыны атқылады.
Сонымен, сарбаз тарап, Мырзалы хан
Тұрағын Босағадан¹ тапты дағы.

Құрақ-тал құшақтады жылымдағы,
Қашып тұр әділеттің қыдыр-бағы.
«Ұлт үшін өлген Хан, – деп, – бұл Мырзалы» –
Ақ самал жылап келіп сыбырлады.

Хан болсаң, халқың – Күн мен Айың болсын,
«Ұлтым!..» – деп, уыз ішкен – пайым болсын.
Хан болсаң – ұлттың ар мен намысы бол,
Ұлт үшін шығар жаның дайын болсын.

Кеудесін қызыл Кеңес шапқан сайын,
Кер Түбек керіледі атқан сайын.
Маңғыстау – өш пен кектен алшайып тұр,
Әскерін Жаманқұлдар жапқан сайын.

Тыныш күн, бейбіт таңым, тұр аймалап,
Жер мен көк, не көрген жоқ, бұл ай қабақ.
Араға алпыс жылдай уақыт салып,
Тәуелсіз ел атандық, Құдай қалап.

¹ Босаға – Қараған – Босаға.

Басында Отпан таудың көкбөрі тұр.
(...Ерлік тұр, елдігімнің өткені тұр!)
«Жасасын, Қазақ елі – мәңгілік!» – деп,
Тәуелсіз туған елдің бөктері тұр.

Қазақпын!.. Тәуелсізбін!.. Тұғырдамын!..
Мәңгілік болсын сенің ғұмыр бағың!
Мінеки, Тәуелсіздік қалай келді,
Ұрпағым, ұмытпа Сен, мұның бәрін?!¹

¹ «...Мырзағали (Мырзалы Тілеумағанбетұлы) Тынымбайтегі, тағы басқа ел азаматтарының барлығы да – халық үшін қан төккен, беделді, зиялы, қадірменді адамдар болатын.

Бізде Мырзағали жөнінде деректер жоқтың қасы. Ол кезде онымен бірге болған адамдардан ешкім қалған жоқ. Ел аузында азын-аулақ қалған естеліктерге сүйенсек, ол өте батыл, батыр адам болған. Оның батырлығы осы көтеріліс кезінде мол болған, сондықтан оны көтерілісшілердің басысы етіп тағайындаған.» – (І.С, М О.)

САРАПТАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

(Жазалаушы отрядтармен шайқас
кезінде қаза болғандарға сараптамалық
жұмыстар)

Адай көтерілісіндегі айтулы оқиғалардың бірі, 1931 жылғы 24 – 25 маусым күндері орын алған **«Қараған – Босаға»** жеріндегі шайқасқа зерттеу жұмыстары жүргізілді.

24 –25 маусымда «Қараған – Босаға» құдығынан 12 шақырым жерде **Мырзалы хан** Тілеумағанбетұлы бастаған көтеріліс аламандарымен БМСБ (ОГПУ) қарасты **68-дивизионның** жазалаушы отряды арасында **екі тәулікке** созылған шайқас болды. Көтеріліс аламандарының саны **450–500** шамасында болса, ал, жазалаушылар отряды **3** станокты, **2** қол пулеметтерімен мұздай қаруланған **140** адамнан тұрды.

Бұл шайқаста қызылдар тарапынан 12 мың пулемет оғы атылған. (Отряд жалпы 40 мың патронмен жабдықталған)

...**Мырзалыны шауып өлтірген взвод командирі – ұлты қырғыз Жаманқұл Жиеншораев.** Мырзалы жең ішінен жасырған наганымен Жаманқұлдың

ішінен атып үлгеріп барып шаһид болады. Жиеншораев жарақат алып, тірі қалады. Басшылары қаза тапқан соң көтерілісшілер 25-інен 26-сына қараған түнде Үстіртке шегініп кетеді.

...Соғыс даласында қалған өліктердіңбіреуі **Мырзалы Тынымбайтегі** болыпшықты. Ол туралы 26 маусым күні БМСБ (ОГПУ) өкілі **В.А.Алексеев**, отрядтың жолсеріктері **Қарабалаев Аманғали, Меңдалиев Алшын, Мекеев Есмағамбет** және коммунар **Тұржанов Отарбайдың** қатысуымен мүрдені тану туралы акт жасайды. Қатысушылар үш мүрденің бірі **Мырзалы Тынымбаев** екенін растап қолқояды.

МЫРЗАЛЫ ХАН(1894- 1931 жж.)

Мырзалы Тілеумағанбетұлы 1894 жылы Сам құмында дүниеге келген. Адайдың Құнанорыс руының Қатпа тақтасынан. Бала күнінде ауыл молдасынан алғашқы сауат ашып, кейін Кеңес үкіметі орнағанда, сауатсыздық- ты жою мектебінде білім алған. Жылықоса ауданының №41 ауылында кеңес төрағасы қызметін атқарған. Халықтың тұрмыстық ахуалын тұқыртып бара жатқанын түсінген ол, алғашқылардың бірі болып Кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтеріліс ұйымдастырады.

Жазалаушы отрядтармен шайқас кезінде қаза болғандарға сараптамалық жұмыстар жүргізіп отырған – Нұржігіт Нұрболатұлына және ұжымдастарына, Алғыс айтамын!

(Сараптамалық анықтамадан алынған үзінділер, мәліметтер) (Автор.)

«ОЙРАНДАЛҒАН АДАЙ ДАЛАСЫ» атты деректі әңгімелер жинағының авторлары – Ізтұрған Сариев, Мұқаш Омаров сияқты қаламгер қарияларымызға Алланың нұры жаусын!

Балмағанбеттегі Жалғасбай (Қажы) Насыруллаұлы ағамызға алғыс айтамыз! Мырзағали Тілеумағанбетұлы Тынымбайдың аталас туысы, ұрпағы. Бұл кісі перзенттік тұрғыдан көп еңбек етті, Мырзалы хан бастаған

көтерілісшілердің халық және ұрпақ алдындағы жанпида қызметіне кіршіксіз көңілмен, үздік- сіз жаршы болды. Шежіре (қысқаша мәлімет), аталық тұрғыдан: Адай – Келінберді – Құнанорыс бөлімінен.

Тынымбайдан – Жалмағанбет, Тілеумағанбет, Балмағанбет.

Балмағанбеттен – Бижан (Бижан батыр), Тілеумағанбеттен – Мырзағали (Мырзалы хан), Балмағанбеттен – Насыролла, Насыролладан – Жалғасбай(Қажы). (Кезінде Маңғыстауоблыстық мұражай қызметкерлері, Мәдениет Басқармасына қарасты өлкетанушылар: Отыншы Көшбай, Сахи Адай (ағамыздың жаны жәннатта болсын) секілді азаматтар ақпарат көздерінде зерделі ой-пікірлерін, деректерді жариялап, жинақтауға барынша талпыныс танытты. Сонымен қоса, осы поэманың(кітабымның) шығуына тілектес болған азаматтарға, демеушілерге және Отбасыма ризашылық білдіремін! (Автор)

Тәуелсіз Қазақ елі мәңгілік жасасын! Әумин!!!

(Поэманың соңы)

Сабыр АДАЙ
Ақтау қаласы
2023 ж..